

**Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысының
№2 Хаттамасы**

**№9 жалпы білім беретін
мектеп КММ-сі**

26.09.2024ж

Жиналысқа қатысты: 7 адам Қатысушылар:

1. Комиссия төрағасы, мектеп басшысы - Н.Д.Базаров
2. Комиссия мүшесі, әлеуметтік – педагог - Ә.Қ.Базар
3. Комиссия мүшесі, ДОЖЖО - Қ.О.Орунбаев
4. Комиссия мүшесі, ДОЖЖО - А.К.Инербаева
5. Комиссия мүшесі, ТЖО - Ж.Ж.Джуанышова
6. Комиссия мүшесі, мектеп медбике - Л.У.Тұрдыханова
7. Комиссия мүшесі, ҚҚтөрайымы - А.С. Шаудирбаева

Күн тәртібінде:

- 1.Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясының отырысы.**
- 2. Әр түрлі мәселелер.**

Тыңдалды:1.**Мектеп директоры Н.Д.Базаров** оқушылардың тамақтануы мен тамақ сапасын бақылау мақсатында құрылған комиссия мүшелерінің жұмысы жүргізіліп отыратындығын айтты. 2024-жылындағы тамақтанудың сапасын бақылау мақсатында және тамақ сапасына осы комиссия мүшелерінің жауапты екендігін айта келе тоқсанына бір рет комиссия мүшелерінің отырысы өткізіліп олардың өздері бақылау жүргізу барысындағы тамақ сапасына байланысты ой пікірлерін сараланып отыратындығын айтты.


2. **ТЖО комиссия мүшесі Ж.Ж.Джуанышова**-тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мүшелері 2024 жылдың, қыркүйек айының 26-шы жұлдызында тексеріс жүргізгендерін мәлімдеді.Өз мәлімедесінде комиссия тексеру кезінде тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі мен сақтау шарттары, сондай-ақ оларды уақтылы пайдалну сақталатынын айтты. Сақтау температурасы санитарлық ережелерге сәйкес келеді.Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау тоңазытқышта және мұздатқышта төмен температурада (-30г дейін) жүзеге асырылады. Ас ішу блогының өндірістік аумағында, шкафтар, стелаждар, санитарлық-техникалық жабдықтар жақсы жағдайда. Ас ішу үстелдері ыстық сумен жуғыш құралдарды қосу арқылы жуылады. Күн сайын мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі ілінеді. **Мектептің әлеуметтік педагогы Ә.Қ.Базар** балалардың тамақ ішуін күнделікті қадағалап белгілеп журналды толтырады. Шикі және дайын тамақтардың журналы бар. Асхананың санитарлы-гигиеналық жағдайы жақсы, барлық талаптар орындалатынын мәлімдеді.

3.**А.С.Шаудирбаева–қамқоршылық кеңес мүшесі** **сөз алды.** Ет тағамдары сиыр еті, тауық еттері иістенбеген, бүлінбеген, мұздатқышта сақталған. Көкөністер салған қоймада орналастырылған, тексеріс барысында уақыты өтіп кеткен азық-түлік болмады. Ас дайындау күнделікті мәзірге және нормаға сай дайындалуда. Асхана қызметкерлерінің киімдері, асхана тазалығы талапқа сай. Тәуліктік сынама алу мен сақталуы қамтамасыз етілген. Оқушылар асханаға кірер алдында үнемі қолдарын жуып тазалық шараларын ұстанатынын айтты. Комиссия құрамы төмендегідей шешімге келді:

Шешімі:

- 1.Асхана тазалығы, азық-түліктің сақталатын орны таза.

- 2.Тәуліктік сынама алу үшін дайындалған тамақтың бар күн бойы сақталған.
- 3.Дайын тағамның сапасы, ас блогының санитарлық жағдайы жақсы.
- 4.Тамақтың мөлшері ас мәзірі бойынша дұрыс.
- 5.Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мектеп асханасының санитарлық жағдайын бақылау жұмысын жалғастырылсы.

Мектеп басшысы:  Н.Д.Базаров

Комиссия хатшысы  Ә.Қ.Базар